



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ
ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

А.БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ
ҚОСТАНАЙ Өңірлік университеті



ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ МӘДЕНИЕТ БАСҚАРМАСЫНЫҢ "ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННІҢ ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСТЫҚ
МЕМОРИАЛДЫҚ МҰРАЖАЙЫ" КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ "КОСТАНАЙСКИЙ ОБЛАСТНОЙ МЕМОРИАЛЬНЫЙ
МУЗЕЙ ИБРАЯ АЛТЫНСАРИНА" УПРАВЛЕНИЯ КУЛЬТУРЫ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ИННОВАЦИЯ, БІЛІМ, ТӘЖІРИБЕ-БІЛІМ
БЕРУ ЖОЛЫНЫҢ ВЕКТОРЛАРЫ»
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

МАТЕРИАЛДАРЫ

І КІТАП

АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ
КОНФЕРЕНЦИИ
«ИННОВАЦИИ, ЗНАНИЯ,
ОПЫТ – ВЕКТОРЫ
ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ТРЕКОВ»

І КНИГА



Қостанай, 2023

УДК 37.02
ББК 74.00
И 63

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ/ РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Куанышбаев Сеитбек Бекенович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры, география ғылымдарының докторы, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының мүшесі;

Жарлыгасов Женис Бахытбекович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Зерттеулер, инновация және цифрландыру жөніндегі проректоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор;

Скударева Галина Николаевна, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Мәскеу облысындағы МОУ «Мемлекеттік гуманитарлық-технологиялық университеті» ректорының м.а.; Ресей Федерациясының жалпы білім беру ісінің құрметті қызметкері, Ресей;

Бережнова Елена Викторовна, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Мәскеу халықаралық мемлекеттік қатынастар институты, Ресей;

Ибраева Айман Елемановна, «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» ММ жетекшісі;

Онищенко Елена Анатольевна, «Педагогикалық шеберлік орталығы» жекеменшік мекемесінің Қостанай қаласындағы филиалының директоры;

Демисенова Шнар Сапаровна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі;

Утегенова Бибикуль Мазановна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының профессоры;

Смаглий Татьяна Ивановна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің, педагогика ғылымдарының кандидаты; педагогика және психология кафедрасының қауым.профессоры;

Жетписбаева Айсылу Айратовна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Ы.Алтынсарин атындағы әдістемелік кабинетінің меңгерушісі.

«Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары»: 2023 жылдың 17 ақпандағы Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. I Кітап. – Қостанай: А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023. – 1081 б. = «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков»: Материалы международной научно-практической конференции, 17 февраля 2023 года. I Книга. – Костанай: Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023. – 1081 с.

ISBN 978-601-356-244-5

Жинаққа «Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары» атты Алтынсарин оқулары халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары енгізілген.

Талқыланатын мәселелердің алуан түрлілігі мен кеңдігі мақала авторларына заманауи білім беруді жаңғырту мен дамытудың, осы үдерісте қазақ ағартушыларының педагогикалық мұрасын пайдаланудың жолдарын, мұғалімдерді даярлаудың тиімді технологиялары мен форматтарын әзірлеу мен енгізу мәселелерін, ақпараттық қоғамдағы білім беру кеңістігінің ерекшеліктерін айқындауға, сондай-ақ педагогтердің инновациялық қызметінің тәжірибесін жинақтауға, педагогикалық үдеріс субъектілерін психологиялық-педагогикалық қолдауға мүмкіндік берді.

Бұл жинақтың материалдары ғалымдарға, жоғары оқу орындары мен колледж оқытушыларына, мектеп мұғалімдері мен мектепке дейінгі тәрбиешілерге, педагог-психологтарға, магистранттар мен студенттерге қызықты болуы мүмкін.

В сборнике содержатся материалы Международной научно-практической конференции Алтынсаринские чтения «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков». Многообразие и широта обсуждаемых проблем позволили авторам статей определить векторы модернизации и развития современного образования, использования в данном процессе педагогического наследия казахских просветителей, вопросов разработки и внедрения эффективных технологий и форматов подготовки учителей, специфики образовательного пространства в информационном обществе, а также обобщения опыта инновационной деятельности педагогов, психолого-педагогической поддержки субъектов педагогического процесса.

Материалы данного сборника могут быть интересны ученым, преподавателям вузов и колледжей, учителям школ и воспитателям дошкольных учреждений, педагогам-психологам, магистрантам и студентам.

ISBN 978-601-356-244-5



9 786013 562445

УДК 37.02
ББК 74.00

© А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023
© Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023

ӨОЖ 371.321

ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІС-ТӘСІЛДЕР – САПАЛЫ БІЛІМ БЕРУДІҢ КІЛТІ

Ергалиева Ментай Амановна

E-mail: Mentay_kz@mail.ru

Нуржанова Жанат Турсынбаевна

E-mail: Zhanat-nur@mail.ru

Якупова Нургул Адилхановна

E-mail: nur48@list.ru

бастауыш сынып мұғалімдері

Ғ.Қайырбеков атындағы №9жббм

Қостанай қаласы, Қазақстан

Аңдатпа

Өзектілігі: Жаңартылған білім беру бағдарламасының талабына сай, бастауыш сыныптарда инновациялық әдіс-тәсілдерді тиімді қолдану. Мақсаты: Оқытудың озық технологияларын тиімді пайдалана отырып, білімді, көзі ашық, көкірегі ояу, өмір сүруге бейім тұлғаларға білім беру жәнәтәрбиелеу.

Түйінді сөздер: әдіс-тәсілдер, жаңартылған білім, бағдарлама, жаңа технология.

Аннотация

Актуальность: использование инновационно-методических средств и приемов в соответствии с обновленной программой в обучении в начальных классах. Цель: повышение обучения и воспитание учащихся в связи с изменениями требования жизненным ситуациям используя передовые технологии сегодняшнего дня.

Ключевые слова: методы и приемы, обновленное образование, программа, новая технология.

Abstract

Relevance: effective use of innovative approaches to primary education in accordance with up-to-date educational requirements. Goal: to bring up open source, cheerful, learning and education for those who are inclined to live by using advanced teaching technologies.

Key words: methods and approaches, innovation technologies, up dated education ,programmes.

Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы бүгінгі басты міндеттерінің бірі – жастарға терең білім беру. Ал, оның негізі жалпы білім беретін мектептердің оқыту үрдісін жақсартуға білім саласына жаңа технологияларды енгізу болып табылады. Оқу – тәрбие үрдісіне жаңа инновациялық әдіс тәсілдерді енгізу оқушылардың білімге деген қызығушылығын, талпынысын арттырып өз бетімен ізденуге шығармашылық еңбек етуге жол салады. Пәндерді оқытуда тиімді әдіс – тәсілдерді пайдалана отырып, сабақты қызықты да тартымды өткізу мұғалімнің шеберлігіне байланысты екені баршамызға мәлім. Ол бүгінгі білім беру кеңістігіндегі ауадай қажет жаңару оқытушының қажымас ізденімпаздығы мен шығармашылық жемісімен келмек. Сондықтан да әрбір оқушының қабілетіне қарай білім беруді, оны дербестікке, ізденімпаздыққа, шығармашылыққа тәрбиелеуді жүзеге асыратын жаңартылған педагогикалық технологияны меңгеруге үлкен бетбұрыс жасалды. Ертеңгі күннің бүгінгі күннен асып түсуіне ықпал етіп, адамзат қоғамын алға қарай жетелеуші құдіретті күш тек білімге ғана тіреледі. Білім беруге заман талабы тұрғысынан жеке тұлғаны дамытудағы қоғамның рухани және адамгершілік құндылықтарын қалыптастыруда білім беру саласына – баса назар аударарлық мәселе. Баланың қызығушылық қабілеттерін дамыту «қабілет» ұғымының мәнін терең түсініп алуды талап етеді.

Ұстаз жас жеткіншектердің жан-жақты дамуына, бойында жасырын жатқан шығармашылық қабілетті ашу және белсенді әрекетке келтіру жолында тынымсыз ізденіс жолында болу керек. Білім алушыны шығармашылық жұмысқа тәрбиелеу, оның қабілетін ашу, санасында жылт еткен шоқты үрлеп үлкен жалынға айналдыру әрбір ұстаздың әдіскерлік шеберлігі мен парасат пайымының нақты көрсеткіші екені айқын. Әрине, білім алушылардың білімдерін бір жүйеге түсіруде әр түрлі жаңашыл әдістерді үнемі жүйелі қолданып отыру қажет. Мұндай оқыту әдістері арқылы бала сабаққа толық қатысады, өзін-өзі бағалайды, өз ойын еркін жеткізуге ұмтылады, пікірталасқа түседі, бәсекелестік пайда болады [1, б. 12].

Оқушыларды жаңартылған білім беру бағдарламасының талабына сай инновациялық әдіс-тәсілдермен оқытып, ой-өрісі кең, саналы, еркін азамат етіп тәрбиелеу қажеттілігі де осы себептен туындап отыр. Оның үстіне білім берудің жүйесін қарқынды дамытқан бұл үрдістің жалпы білім беретін мектептерге белсенді түрде енгізіле бастауы көңілді қуантады. Міндетіміз ауыр, мақсатымыз айқын. Отандық білім беру саласында әлемдік тәжірибедегі алдыңғы қатарлы идеяларды басшылыққа ала отырып, жаңаша ойлай алатын білікті мұғалімдер қатарын көбейтсек, жақсы нәтижеге жеттік деп білеміз. Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасуы орта білім беру жүйесінің дамуымен тығыз байланысты. Елбасы жолдауында айтылғандай, болашақта өркениетті дамыған елдердің

қатарына ену үшін, заман талабына сай білім қажет. Қазақстанды дамыған 30 елдің қатарына жеткізетін – білім. Ғылым мен техниканың күн санап өсуіне байланысты педагогика ғылымының теориясы мен оқыту үрдісі де түбегейлі өзгерістерге ұшырауда. Осыған орай оқытудың парадигмасы өзгерді. Білім берудің мазмұны жаңарып, жаңаша көзқарас пайда болды. Сондықтан ұстаздар алдында оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жаңартып отыру және оқудағы және оқытудағы жаңа тәсілдерді меңгеру, оны тиімді қолдана білу міндеті тұр. Осы тұрғыда әр пән мұғалімдерінің оқыту әдістерін, жаңа технологияларды таңдап пайдалану және авторлық үлгілерді қолдану мүмкіндігі берілген. Қай кезеңде, қай қоғамда болсын жеке тұлғаның қалыптасуы ұстаздан басталады. Білімсаласындағы түбегейлі өзгерістер ұстазға жауапкершілікті талап етеді. Өздігінен білім алатын, жан-жақты ізденетін, алдағы өмір жолын өзі болжай алатын тұлға тәрбиелеу – ұстаз қолында. Қазіргі білім беру жүйесінде жаңа технологияларды енгізу күннен-күнге басты талапқа айналып, осы әдістерді жетілдіре түсу қажеттігі күшейіп келеді. Мұғалімнің шеберлігі қандай жоғары болса да, мұғалім оқушының өз белсенділігін туғыза алмаса, берген білім күткен нәтиже бермейді. Оқушының тұлға ретінде қалыптасуы белсенділік арқылы жүзеге асады. Барлық дамыған елдер өзінің бірегей жоғары сапалы білім беру жүйесіне ие. Негізгі мектеп үшін, барлық мектептердегі оқыту стандарттарын Назарбаев Зияткерлік мектептерінің деңгейіне дейін жақсарту қажет. Жоғарғы сынып оқушылары қазақ, орыс және ағылшын тілдерін меңгеріп шығулары тиіс. Оқытудың нәтижесі – сын тұрғысынан ойлау, өздігінен зерттеу және ақпаратты терең талдау дағдыларын меңгеруге бағытталуы керек. Заманауи қоғамның зиялы азаматына білім беру – сана әлеуеті жоғары дамыған, сын тұрғысынан және жаңашыл ойлай білетін, рухы мықты, өз білімін қоғамның алға басуына жұмсай алатын адамды тәрбиелеу. Жаңартылған бағдарлама ұстаздарға үлкен жауапкершілік міндеттейді. Оқушылардың бойына өмірдің барлық салаларында табысты болу үшін қажетті дағдыларды дарыту мақсатында мұғалімдерге тынымсыз еңбектену керек болады.

Бастауыш сынып білім алушыларының қабілеті екі түрлі әрекетте дамиды. Біріншіден кез-келген бала оқу барысында адамзат баласының осы кезге дейін жинақталған тәжірибесін меңгерсе, екіншіден кез-келген білім алушы шығармашылық әрекеттер орындау арқылы өзінің ішкі мүмкіндіктерін дамытады. Шығармашылығы дамыған тұлғаның ерекшелігі – жалпы зерделілігі, өзіндік ой түйуі, мақсат қоя білетіндігі.

Сыни ойлау – оқушылардың қай нәрсеге болса да терең оймен қарап, салыстыра талдау жасап, көзқарасын білдіру, өзінің менін қалыптастыру. Жалпы айтатын болсақ сыни ойлау дегеніміз – баланы ойлауға үйрету. Ойлау арқылы бала көп нәрсеге қол жеткізуі мүмкін. Сыни ойлауға оқыту жеңіл міндет емес. Оны белгілі кезеңде орындап, кейін ұмытып кетуге болмайды. Сыни ойлау, бұл ағылшындық көптеген ғалымдардың алдыңғы қатарлы идеялар негізінде құрылған жоба. Шығыс данасы Конфуций былай дейді: «Маған айтсаң, ұмытып қалам, көрсетсең есімді қалады, ал өзім істесем, үйреніп алам». Яғни, баланың ынтасын жетелеу, қызығушылығын ояту арқылы оқыту, үйрету, көрнекілікпен көрсету, оны өз беттерінше практикада қолдана білуі қажет деген сөз.

Мен өз сабақтарымда «Сын тұрғысынан ойлау», М. Жанпейісованың модульдік оқыту технологиясын жүйелі қолданып отырамын. Бұл технологияның бір ерекшелігі – оның білімді меңгеруге ғана емес, тұлғаның танымдық қабілеттерімен және қажеттіктерін қанағаттандыруға, белсенді сөздік қорын дамытуға бағытталуы. Тақырып мазмұны өсу бағытымен қарапайымнан күрделіге, репродуктивтік тапсырмалардан шығармашылық сипаттағы тапсырмаларға, зерттеушілік қызмет элементтеріне қарай бірнеше мәрте оралып отыру, әр оқушыға оқу материалымен жұмыс істей отырып, өз қабілеттерін, жадын, ойлауын, ауызша және жазбаша тілін дамытуға мүмкіндік береді. Сыни тұрғыдан ойлаудың мына әдістері күнделікті жүйелі жүргізіледі: топтастыру, көрнекілік, ой қозғау, болжау, «оқушыларды жетектейтін карта», «Кубизм», «Венн диаграммасы», «Бес жолды өлең», «Білгеніміз, білгіңіз келетіні, үйренгеніңіз», «Пікір сайыс», «Жұптасып ойлау». Мысалы; дүниетану сабағында қолданылған «Брейн-ринг» оқыта үйрету ойыны арқылы білім алушылар жеңілден қиынға, оңайдан күрделіге ауысады. Балалар жасыл және көк түсті фишкаларды алуға тырысады, себебі ол жақсы бағаларға бағытталған. Бұл ойын барлық балалардың белсенділігін арттырды. Себебі оқушылар тез жауап беріп, өз қоржындарына көп фишка жинау мақсатын көздегендіктен болар. Осымысалдар арқылы топпен жұмыс жасау кезінде сыни тұрғыдан ойлану, бір-бірін үйрету, өз топтарында талқылау сияқты жұмыс түрлерін қолданып, жауап беріп отырды. Денгейлік тапсырмаларды орындау барысында оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай жоспарлады. Сабақ барысында оқушылар топпен жұмыс жасауды, топтағы ережелерді қатаң сақтауды, жұппен жұмыс жасау барысында тапсырманы қатесіз орындауға үйренді. Ал осы сабақтағы «Аквариум» тәсілі де баланы көшбасшылыққа жетелеп, өз ойын топ алдында «өкіл» ретінде жеткізуге дағдыланады. «Авторлы қорыңдық» тәсілі арқылы әр оқушы сабақ қорытынды-сын нақтылайды және тақырыпты меңгеруге негізделген сұрақтарға жауап алады.

Әдебиеттік оқу сабағында өткізілген «жақтаушы», «даттаушы ойыны өте әсерлі болды. «Жақтаушы судың пайдасын дәлдеумен болды, ал «Даттаушы судың зиянын айтып, қалай да жеңіске жетуге ұмтылды. Яғни ойыншылар бір-бірін сөзден жаңылдыруға тырысады, нақты дәлелдер іздейді, сөздік қоры дамиды. Оларды естіп отырған қалған балалардың пәнге деген қызығушылығы артып, танымдық қабілеті жетіледі. Сонымен қатар балалардың мәтінді тез түсінуін дамыту, көлемді

мәтінді қысқаша баяндауға дағдыландыру мақсатында «Қысқаша конспектілеу» әдісін жиі қолданамын. Бұл сызбада негізгі жазбаға білім алушы қысқаша түсінгенін жазады, келесі бөлімге мәтін бойынша туындаған сұрақтарды жазса, соңғы бөлімге қорытынды ойды, яғни автордың ойын өз ойымен толықтырады, салыстырады. 4–сынып бойынша дүниетанудан «Өзен және көл» жаңа сабақты меңгеру тақырыбын алдым. Осы тақырыптарда жұмыс жасағанда «Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету» моделін көбірек қолдануға тырыстым. Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету «Ой қозғау» стратегиясын қолданғанда, осы жұмыста дарынды, талантты, белсенді оқушылардың білімдік деңгейі көрінді. Ал өз ойын ашық, нақты айта алмайтын оқушыларға бұл тапсырма қиынға соқты. «Салыстыру» кезінде түрлі тапсырмалар орындалды. «Зерделі сұрақ, дәлелді жауап» қызығушылықты ояту стратегиясы жасалды. «Кубизм» стратегиясымен әр түрлі сыни тұрғыдан ойлауға үйрету жұмыстары жүргізілді. Қорыта келе әр сабақта оқыту технологиясын тиімді қолдану – сабақтың оқу мақсатына жетуге септігін тигізеді. «Жұлдыздар шоғыры» әдісі бойынша постер жасау әдісі топтық жұмыс түрінде жүзеге асырылады. Топтарға жұлдыз жапсырмалар мен постер таратылады. Әрбір топ жұлдыздарға берілген тақырып бойынша пікірін жазып, шоғыр құрайды. Сонымен қатар топтық жұмыс барысында оқушылар бір–бірімен өзара пікір алмасады, нәтижесінде әр оқушының тақырып тұрғысында дербес пікірі пайда болып, олардың сыни тұрғыдан ойлануына септігін тигізеді. «Тақырыптық постер жасау» бұл әдіс те топтық жұмыс ретінде жүзеге асырылады. Оқушылар берілген тақырып бойынша өз пікірлерін сурет түрінде бейнелейді. Тапсырманы орындау барысында оқушылар өзара пікір алмасады. Топпен жұмыс жасау барысында оқушының танымдық ізденімпаздығы қалыптасады; сұрақтарды, мәселелерді терең талдауға үйренеді; шығармашылық ой өрісі артады; кітаппен, көркем және ғылыми әдебиеттер, баспа материалдарымен жұмыс істеу білігі қалыптасады; топ мүшелері ортақ тұжырым жасауға үйренеді; мұғалім мен оқушылардың қарым–қатынасы жақсартады; оқушы өз ойын еркін айтуға, сөз сөйлеу мәдениетіне үйренеді [2, б. 28].

Жаңа технологияларды зерделей отырып, таңдалған әдіс–тәсілдер жиіні мұғалім мен оқушы арасындағы түсіністік қатынасқа негізделеді. Технологиялардың мүмкіндіктерін пайдалана отырып, оқушыны дербес, топтық, ұжымдық жұмыс сияқты түрлі формада ұйымдастырылған тәсілдерге төселдіре отырып, өз бетімен ізденуіне бағыт–бағдар беремін. Әдебиеттік оқу сабағында жүргізілетін әдіс – тәсілдер баланың ой – өрісін қалыптастырады, қиялдау, ойлау, есте сақтау қабілеттерін жетілдіреді. Тәжірибе кезінде өзіме жинақталған кейбір ой–түйіндерімді ортаға салғым келді. Сабақтың әр кезеңдерінде оқушыға тиімді әдіс – тәсілдерді қолданамын. Тақырыпты ашу кезеңінде кезеңінде : «Адасқан әріптер», «Акроним», «Мәселені шешу» «Идеялар себеті», «Миға шабуыл», «Логикалық сұрақ», «Стоп кадр», «Мозайка» әдістерін жиі қолданамын. Бұл әдістердің қолданудағы мақсатым қандай да болмасын ақпарат (мәлімет, проблема, сұрақ) туралы бар білгендерін жазбаша немесе ауызша ой салу. Ал тиімділігі оқушыға сұрақ қою, проблеманы зерттеу арқылы ой–өрісін дамытады, ойын еркін жеткізеді. Пікірлерінің еркін айтылуы, ешқандай сынға ұшырамау керек, қағазға түсіріліп, талқылау жұмысы болады. Сабақтың мақсатын анықтау кезеңінде: «ББҮ кестесі», «Болжам кесте» и «Бэкроним» Шатасқан тізбектер» әдістерін әр сабақта қолданамын. Мақсаты: Оқушылардың логикалық ойлау қабілетін, сөз қорын дамыту. Тиімділігі. Ойлау қабілеті дамиды, сөздік қоры молаяды, жазылым дағдысы қалыптасады. Үй тапсырмасын тексеру кезеңінде: «Карусель», «Сұхбат немесе бос микрофон», «Әңгімелесетін әріптестер», «Төрт сөйлем», «Түйінді сәттер», «Шеңбердегі доп», «Ыстық орындық», «Айналым бекеттер», «Серпінді сұрақ» әдістері бар. Мақсаты: Оқытуда оқушы белсенділігін арттырумен қатар әр оқушының мүмкіндіктерін, қабілеттерін, қызығушылықтарын анықтау [3, б. 4].

Тиімділігі: Оқушылардың сұрақ қою дағдысы қалыптасады және сұрақ қою арқылы өзара ашық пікірлеседі. Жаңа тақырыпты, мағынаны ашу кезеңінде: Түртіп алу», «Негізгі идеяны суреттеу», «Кубизм», «Сандар сөйлейді», «Әлемді шарлау», «Блумның сұрақ қою стратегиясы», «Көп деңгейлі сұрақ», «Логикалық тізбек» т.б сынды әдіс–тәсілдерді қолданып отырамын. Бұл әдістерді қолданудағы мақсатым оқушының бір–бірінен ақпарат алу дағдыларын қалыптастыру.

Бұл әдістердің тиімді жағы оқушылар бір–бірімен әңгімелесу арқылы ой қорыта алады, жұптық жұмыс жүреді, дұрыс тындауға ынталандырады. Оқылым, тыңдалым дағдылары қалыптасады. Ойлау қабілеті дамиды, сөздік қоры молаяды. Топтық тапсырмалар кезеңінде «Еркін жазу», «Борт журналы», «Буклет» әдісі, «Фишбоун» әдісі, «Қар кесегі», ЖИГСО», «Бір минуттық әңгіме», «Кинометафора» әдістері. Мақсаты: Берілген тақырыпты топ ішінде талқылап, әр түрлі тәсілдермен топтық жұмыс жасау. Басқа топтарға өкілдерді жіберіп, өз жұмысы туралы топта талқылау, идеялармен бөлісу, ынтымақтастықты дамыту. Тиімділігі: Ынтымақта бірлікте жұмыс жасауға, білгенін жолдастарымен бөлісуге, тақырыпты ортаға салып талқылауға, түйінді ойды саралауға жетелейді. Сабақты бекіту кезеңінде: «Дейін, кейін», «Өрмекші», «Кезбе тілші» «Иық тірескен шеңбер», «Т кестесі» әдісі, «Түйінді сөздер» әдістерін әр сабақта қолданамын [4, б. 3].

Мақсаты: Жаңа материалды пысықтау, түйінді ойларды бекіту. Тиімділігі; меңгерілген материалды пысықтау мақсатында кезең–кезеңдерімен пысықтауға тиімді. Сабақты қорытындылау, кері байланыс кезеңінде: «Шабадан, еттартқыш, қоқыс жәшігі», «Екі жұлдыз, бір тілек» «Аяқталмаған сөйлем» «Бес саусақ» «Ұшақ» әдістерін қолданамын. Сонымен қатар рөлдік ойындар, кейіпкерлерге

кластер жасау, олардың жағымды – жағымсыз қасиеттерін анықтау, кейіпкерлерге өз атынан немесе сол кейіпкердің образына кіріп хат жазу, ертегі мен аңыздардағы негізгі идеясын тауып, соған байланысты мақал – мәтелдер, жаңадан аңыз, ертегілерді құрастыру сияқты шығармашылық жұмыс – тарды топтық жұмыс кезінде орындау тиімді екеніне көзім жетті. Сонымен біргесабақтарда диалогтік оқыту да өте пайдалы, себебі оқушының сөз байлықтарын молайтумен қатар сұрақтарға нақты, дәл жауап беріп отыруларын бағыттап береді. Диалогті өз мәнінде кеңінен өрбіту үшін қойылатын сұрақтар мәнді де мағыналы болғаны жөн. Сонда оқушы өзінің беретін жауабына да немқұрайлы қарамайды [5, б. 31].

Қорытынды: өзімнің тәжірибемді қорыта келгенде мынадай түйін: Осы шығармашылық тапсырмаларды пәндерге бейімдеп қолданудан, оқушылардың пәнге қызығушылығы артты. Оқушылардың логикалық ойлауы, шығармашылық іс – әрекетке қабілеті артты.

Әр мұғалім болашақ үшін қызмет істейді. Ол әр оқушыны жеке тұлға ретінде көріп, оның өміріндегі өз орнын табуына көмегі тиері сөзсіз.

Ол үшін жалықпай жаңа инновациялық технологияларды өз жұмысымызда пайдаланып, сонымен қатар оқушыларды мадақтап, ынталандырып отырған орынды. Баланың қиялын дамыта отырып, ойын дамытамыз. Ойы дамыған шәкіртіміздің танымдық қызығушылығы арта отырып, шығармашылық әрекеті жоғары деңгейге көтеріледі.

Әдебиеттер тізімі:

1. Рудик.Г.А. «Ой еңбегі мәдениеті немесе оқудың 101 техникасы». Алматы. 2017. 38 б.
2. Кабенова М.Т. Инновациялық әдіс-тәсілдер арқылы сабақтың тиімділігін арттыру. Оқыту – тәрбиелеу технологиясы. // ж №4. 2011. 63 б.
3. BILIMLILER.KZ«Оқытуда инновациялық әдіс тәсілдерді қолдану»Білімділер порталы (bilimdiler.kz) (дата обращения 30.01.23)
4. <https://stud.baribar.kz/> Модульдік оқыту технологиясы (М.Жанпейісова бойынша) (дата обращения 30.01.23)
5. Кажгереева Ж.А. Қазақстан ұстазы. Бастауыш сыныпта белсенді оқыту әдістерін қолданудың тиімділігі. Алматы. // ж №01. 2023. 52 б.

ӘОЖ 37.02

ТӘРБИЕ МЕН БІЛІМДІ ҰШТАСТЫРУДАҒЫ ИННОВАЦИЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

*Ерекин Айдын Муратович
педагог-ұйымдастырушы-куратор
Қостанай қаласындағы физика-математикалық
бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі
E-mail: erekin_a@kst.nis.edu.kz
Хамзина Кулшат Бакытжановна
педагогикалық ғылымдар магистрі
педагогика және психология кафедрасының аға оқытушысы
А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті
E-mail: hamzina_67@mail.ru
Қостанай қаласы, Қазақстан*

Аннотация

Мақалада тәрбие мен білімді ұштастырудағы инновациялық технологиялар арқылы мұғалімдер мен тәрбиешілердің кәсіби бағыттылығын жетілдіру жолдары қарастырылған. Мұғалімнің кәсіби дамуын, оның инновациялық, педагогикалық шеберлігін арттырудың маңыздылығы ашылады.

Түйінді сөздер: *тәрбие, білім, инновация, технология, педагогикалық шеберлік.*

Аннотация

В статье рассмотрены пути совершенствования профессиональной направленности педагогов и воспитателей посредством инновационных технологий в сочетании воспитания и образования. Раскрывается важность повышения профессионального развития учителя, его инновационного, педагогического мастерства.

Ключевые слова: *воспитание, образование, инновации, технологии, педагогическое мастерство.*

Abstract

The article discusses ways to improve the professional orientation of teachers and educators through innovative technologies combined with education and upbringing. The importance of improving the professional development of a teacher, his innovative, pedagogical skills is revealed.

Key words: *upbringing, education, innovation, technology, pedagogical skills.*